

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Көкпекті ауданы Көкпекті ауылдық округінің Көкпекті ауылының "Заготзерно-элеватор" учаскесіне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Көкпекті ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 2 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Көкпекті ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 1 тамыздағы № 1 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 8 тамызда № 29039 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Көкпекті аудандық аумақтық инспекциясының 23 қыркүйектегі 2021 жылғы № 01-11/367 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Ірі қара малдың бруцеллез ауруын жою жөніндегі ветеринарлық іс шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты, Көкпекті ауданы Көкпекті ауылдық округінің Көкпекті ауылының "Заготзерно-элеватор" учаскесінде белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. "Көкпекті ауданы Көкпекті ауылдық округінің Көкпекті ауылының "Заготзерно-элеватор" учаскесіне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Көкпекті ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 2 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8767 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Көкпекті ауылдық округі әкімі*

*К. Алгазинов*